

СЕКЦИЯ «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК»

Алпысбаева Н.С., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, философия және психология факультеті, Пс-31, студент.

(Ғылыми жетекші - психология ғылымдарының докторы Әмірова Б.А.)

ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН КРОСС-МӘДЕНИ ЗЕРТТЕУ

Жиырмасыншы ғасырдың соңғы жылдары жалпы қоғамдық қатынастағы саяси - экономикалық және әлеуметтік жаңа қоғамдық қатынасқа ие болуы әлеуметтік - экономикалық және саяси жаңаруларға әкелді. Бұл жөнінде, Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің 2015 жылғы жолдауында: «Бірнеше күннен кейін тарих ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығының есебін бастайды. Небәрі ширек ғасырда Қазақстан жаһандық шаруашылық байланыстарға қосылған егемен ұлттық экономика және ұлттардың әлемдік отбасының толыққанды қатысушысына айналған мемлекет ретінде қалыптасты. Біз бәріміз бірге көптеген сынақтарға төтеп бердік, шынықтық және нығайдық. Біз өзіміздің бүкіл тарихымызда көз көрмеген табысты экономикалық даму қарқынына қол жеткіздік. Біздің халқымыз бұған дейін ешқашан бүгінгідей жақсы өмір сүрген емес. Біз көп нәрселерге қол жеткіздік», - дейді [1]. Оған біздің еліміздің егемендік алуы деп айта аламыз. Соған орай, жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетін, адами қасиетін мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу - өмір талабы болып отыр. Яғни, заманауи жастардың сана-сезімін қалыптастырудың негізгі факторлары ұлттық тәрбие және қоршаған ортамен жасаған қарым-қатынастың маңызы зор.

Ұлттық тәрбие деп, жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. «Адам мен адамның бір-бірімен араласу, өзара қарым-қатынасында ғана адамның адамдығы өзі үшін де, өзгелер үшін де ашылады», - дейді философ М.М.Бахтин [2, 32]. Осы ойды, біріккен танымдық іс-әрекетте жан-жақты толық дамитын дығын отандық ғалым-психологтар С.М. Жақыпов [3], Б.Ә. Әмірова [4, 35]. С.Қ.Бердібаева [5, 3-8] т.б. ғалымдар да өз еңбектерінде көрсеткен. Ұлттық сана - сезім өз ұлтының әлеуметтік - этностық мәнін түсіну, ұлтаралық қатынастарда қандай жағдайға ие екендігін, жалпы адамзат дамуында қандай үлесі барын ұғыну, әрі өзге халықтармен бірдей бостандықта өмір сүруін т.б. жағдайларды жете түсіну болып табылады. Ұлттық сана-сезімнің пайда болуы халықтардың тарихи дамуының ерекше кездерімен байланысты. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасуында рухани-мәдени шығармалар, ұлттық рухани мұралар үлкен рөл атқарады. Ұлттық сана-сезімді әрбір топ өздігінше қалыптастырып, негізгі топтық мүддеге, мұқтаждыққа, тілегіне, талабына сай жүзеге асыруға тырысады. Ұлт өкілі алдымен өзінің сол ұлт мүшесі екендігін мойындамаса, оның барлық өміріндегі тарихи-әлеуметтік, саяси және мәдени құбылыстарына, жеріне, еліне, халық батырларына, қайраткерлеріне т.б. деген мақтаныш сезімі, қуанышы болмаса, онда шындыққа толы шынайы ұлттық сана-сезімнің болуы мүмкін емес. Себебі белгілі бір ұлттың өкілі емес адам жоқ. Соған сәйкес ол ұлттық психологиясын алдымен өз ұлтын сезінуден, оған жауапкершілікпен қараудан бастайтынын қарастыру қажет [4 36].

Ғалым ұлттық ерекшеліктердің олардың табиғатымен шарттас еместігі, дамуының тарихи жағдайларына байланыстылығында екендігін көрсетеді. Әрине, біздің бұл ерекшеліктердегі сана-сезімнен байқалатын ұлтшылдық көріністерін ажырата білуіміз керек. Еңбекпен таныса отырып, ұлттық сана-сезім ұлттық өмірдің табиғи компоненті болса, ұлтшылдық ұлттық сана-сезімнің бұрмаланған, жалған түрі екендігін анықтадық. Ендеше, тұлғаның рухани байлығы оның ұлттық сана-сезімімен байланысты болады дей аламыз. Рухани байлық көптеген фактілерді жинап, оны ұмытпауға тырысу және сол фактілердің

қандай заңдылықтарға бағынатынын көруге болады. Әрбір адамның рухани өмірінің байлығы оның ұлттық қадір-қасиетімен өлшенеді.

Біз өз зерттеулерімізде осы қағидаларға сүйене отырып, ұлтаралық қарым-қатынастағы ұлттық тұлғаның ерекшеліктерін анықтау арқылы Қазақстан халықтарының достық қарым-қатынасындағы толеранттылықтың психологиялық механизмдерін анықтауға тырыстық.

Ұлттық сана-сезімді зерттеуде Б.Ф. Поршнева: «Біздің» - адамдардың еліктеу, еру, норма, тәртіптерді меңгеруі болса, «Олардың» - осы механизмдердің негізінде бір қауымның екіншісінен бөлектенуі», - дейді [7, 21]. Сонымен ұлттық сана-сезім әрбір ұлттың ажырамас бөлігі ретінде, адамның күнделікті тұрмысында көрінетін, өз ұлтының мәдени-тарихи дамуына көз-қарасын білдіретін компонент болып табылады. Сондай – ақ ұлттық сана – сезіммен қатар көптеген ғалымдар этнос және ұлтаралық қарым – қатынас мәселелерінде біршама қарастырған. Этнос және ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін зерттеуде С.А.Арутюновтың, Э.А.Баграмовтың, Ю.В.Бромлейдің, Л.Н.Гумилевтің және т.б. көптеген ғалымдардың этнологиялық теориялары этносаралық қатынас мәнін терең түсініп және аталмыш үрдістің ерекшеліктерін анықтауда маңызды орын алады. Мәселен, Л.Н. Гумилев кезінде өзінің «Как возникают и исчезают народы?» (1984) деген еңбегінде этносты географиялық, табиғи құбылыс ретінде қарастырды. Оның пікірінше «этнос»: «қайталанбас мінез-құлық стереотипі мен ерекше ішкі құрылымға ие, басқа да сәйкес топтарға өзін қарсы қоятын динамикалық жүйе». Сонымен қатар, этностың негізгі белгілеріне ол өзіндік сана мен мінез-құлық стереотипін жатқызады және этностық ерекшеліктер индивидте туа емес, әлеуметтену үрдісінде қалыптасатынына да тоқталады. Дегенмен, кеңестік дәуірде А.Ю.Бромлейдің этностық теориясын жақтаушылар басымырақ болған. Ғалым этносты белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан, ортақ тілі, мәдени және психикалық ерекшеліктерімен айқындалатын адамдардың тұрақты бірлестігі ретінде қарастыра отырып, этносты – кең мағынада «әлеуметтік организм» терминімен байланыстырады.

Бұл мәселелерді тарихшы, этнограф, философ А.Айталының «Ұлттану» (2003) атты еңбегінде де талдаулар көреміз. Этностық мәдениетті, психологияны, сана - сезімді ең алдымен бір халықты екіншісінен айыратын белгілер жиынтығы деп қарастырмай, оның тұрақтылығын бірлігін қамтамасыз ететін ұлттық қайымдастық факторы деп қарастыру керек. Бұл көзқарас мәдениеттердің психологиялық және т.б. ерекшеліктердің мәнін көрсетеді. Басқаша айтқанда, этностық психологияның негізгі бағыттарын зерттеу үшін, сол халықтың, этносының тұрмысының әр қырын көрсететін объективті мінездемесі болуы шарт. Ендеше, бұл көзқарас төмендегі тезистерді анықтайды, яғни:

1. Этнос – табиғи - тарихи негізде қалыптасып, «біз» бен «оларды» салыстыру мен қарама-қарсылыққа негізделген адамдардың қауымдастығы. Бұдан ұлттық өміршен ерекшелік, кейбір өзіндік қоғамдық, психологиялық процестердің байланыстығы шығады.

2. Этнопсихологиялық ерекшеліктер, ұстанған бағыт пен құндылықтар, әдет-ғұрыптар эмоциялар және көңіл-күй нәтижелері, ұлттың ішкі және сыртқы бейнесі, оны қоршаған табиғи және тарихи ортаның өзіндік ерекшеліктерінде байқалады. Этностық психологияның ерекшеліктерін түсіндірудің әдіс - намалық негіздернің бірі- оның табиғатын және жалпы адамгершілік таптық әлеуметтік, этностық арақатынасын ажырата білу. Халықтардың психологиясы этностың рухани бейнесінің негізгі әрі- маңызды жағынын бірі болып есептеледі.


XX ғасырдың 60 - жылдарында этникалық спецификасы жаңа бағыттың дамуы, антропологиялық мәдениет салт-дәстүрдің жалғасуын зерттеу, тұлға және мәдениет психологияның негізгі зерттеу, үйрену нысанасы. Бұл мәселелерді заманауи қарсаңда жаңа реңге ие болған әлеуметтік психологияның үлкен салалары: этнопсихология т.б. ғылымдар зерттейді. Этнопсихология ғылымында екі үлкен зерттеу әдістері бар. Олар: стандартты және кросс-мәдени тұрғыдан зерттейді. Мұндағы стандартты зерттеу бір ұлттың өзіндік-психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттесе, ал кросс – мәдени зерттеу – әр ұлтты салыстыра отырып қарастырады.

Біздің елімізде ұжымдардың көпшілігі құрамы бойынша көп ұлтты болып табылады. Мұндай қоғамда көп жағдайда жеке бас аралық қатынастарға әсер ететін адамдардың мінез-құлық нормалары, дәстүрлер, ұлттық ерекшеліктер анағұрлым анық байқалады. Көп ұлтты ұжымның бастапқы бірлігі ретінде этникалық кіші топты тәрбиелік әсердің объектісі деп қарау қажет. Ең соңғысы, ең алдымен тілімен, жалпы ұлттық психологиялық ерекшеліктерімен, мәдени бірлігімен және этно топтық танымымен, топ ішілік нормалар мен принциптердің болуымен сипатталатын бір ұлт адамдарының бірігуін білдіреді.

Ендеше, ұлттық-психологиялық ерекшеліктер, біріншіден, тәрбиелік әсерлердің тәсілдері мен формаларының біркелкілігін, олардың үйлесімін анықтайды.

Осыған орай, біздің жұмысымыздың мақсаты: әр ұлттардың әлеуметтік-психологиялық және этнопсихологиялық ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу нысанымыз ретінде қазақ, орыс, шешен және армян ұлттары алынды. Зерттеу пәні ретінде осы ұлттардың тұлғаның сана-сезімінің қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлары салт-дәстүрлері мен мәдениеттері енді.

Сыналушылар: әрбір ұлт өкілдерінен 10 сыналушы, яғни тәжірибеге 40 сыналушы қатысты. Сыналушылармен тәжірибе барысында ешқандай келіспеушілік, кикілжіңдер туындаған жоқ, керісінше барлығы белсене қатысып, жоғары нәтиже көрсету үшін жұмылған жұдырықтай бірге ат салысып, өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Сауалнама сұрақтарын негізінен 5 категориядан тұрады. Олар: ұлттық ойындар, мәдениет, салт-дәстүр, отбасындағы қарым-қатынас, әдет-ғұрыптар. Сондай-ақ, сыналушылардың сұрақтарға жауап берген жауаптардың қатынасын жағымды, жағымсыз және бейтарап деп үш категория бойынша бағаланды. Нәтижесінде бірінші жағымды қатынас нәтижелері (1-ші графиг) көрініс табады:




Сурет-1. Ұсынылған ұлттық құндылықтар бойынша жағымды қатынас көрсеткіштері

Сауалнама сұрақтарына жауап берген сыналушылардың ұлттық ойындар категориясында ең жоғарғы жағымды қатынасқа ие болған қазақ ұлты болды. Яғни, біз қазақ ұлтының ұлттық ойындарға деген қызығушылығының басым екендігін, жастарымыздың ұлттық құндылығы ретінде қастерлейтіндігін және ұлттық ойынның мәдени мұра ретінде бүгінгі таңда өзіндік жалғасын тауып, ұрпақ танымында айрықша орын алып отырғандығын байқаймыз. Бұл психологиялық сапалар адамның танымдық іс-әрекетін сала түрде қалыптастыруына түрткі болады. Ал, мәдениет категориясы бойынша ең жоғарғы жағымды қатынасқа ие болған шешен ұлты болып отыр. Бұл нәтижелерге сүйене отырып, біз шешен ұлтының өздерінің тарихи - көркем әдеби оқулықтарын жиі оқитынын, өзгелерге қарағанда, ұлттық мәдениетті жоғары деңгейде ұстанатынын аңғарамыз. Салт –дәстүр категориясына келер болсақ, қазақ, орыс, армян ұлттары жоғары көрсеткіш көрсетті. Анығырақ айтқанда, бұл ұлт өкілдері қалыптасқан салт-дәстүрлердің дұрыс қолданылуына аса қатты мән беретінін көре аламыз. Отбасылық қарым-қатынас категориясында шешен ұлты жоғары көрсеткішке ие болып, отбасылық қарым-қатынаста отбасылық мәселелерді біріге отырып шешім қабылдайтынын көрсетті. Әдет-ғұрып категориясында қазақ пен шешен ұлттары


басымдылық танытты, бұл нәтиже бойынша әдет-ғұрыптарды жетік білетінін және күнделікті өмірде жиі ұстанатынын байқауға болады.

Жағымсыз қатынас нәтижелері



Сурет-2. Ұсынылған ұлттық құндылықтар бойынша жағымсыз қатынас көрсеткіштері

Келесі жағымсыз қатынас нәтижелеріне тоқталар болсақ, ұлттық ойындар категориясы бойынша орыс, шешен, армян жоғары көрсеткішке ие болды. Бұл көрсеткіш бойынша, бұл үш ұлт өкілдерінің ұлттық ойындарға мән бермейтінін байқаймыз. Мәдениет категориясы бойынша, армян ұлты жоғары көрсеткіш көрсетті, бұл армян ұлтының көркемдік әдебиеттерге, әшекей-бұйымдар мен ұлттық киімдерге мән бермейтінін аңғартады. Ал, салт-дәстүр категориясында шешен ұлты жоғары көрсеткіш көрсетті, бұл көрсеткіштер бойынша шешен ұлтының салт-дәстүрді ұстануының төмен екендігін аңғарамыз. Отбасындағы қарым-қатынас категориясы бойынша, қазақ ұлты жоғары көрсеткіш көрсетті, бұл көрсеткіш бойынша қазақ ұлтының отбасылық қарым-қатынасында отбасылық мәселерді шешу, отбасылық жиындардың жиі болмайтынын көреміз. Келесі әдет-ғұрып категориясы бойынша, армян және орыс ұлттары жоғары көрсеткіші бойынша, ұлттық әдет-ғұрыпқа деген көзқарасының төмен екенін байқаймыз. Осы нәтижелерді тұжырымдай отырып, кейбір отбастарының осы ұлттық құндылықтарға ерекше мән бермейтіндігін байқауға болады. Бейтарап қатынас нәтижелері төмендегідей:



Сурет-3. Ұсынылған ұлттық құндылықтар бойынша бейтарап қатынас көрсеткіштері

Бұл нәтижелерді ашып қарайтын болсақ, ұлттық ойындар категориясы бойынша, орыс ұлт өкілдері жоғары көрсеткіш көрсетті. Бұл көрсеткіш арқылы біз орыс ұлт өкілдерінің ұлттық ойындарға бей-жай қарайтынын көре аламыз. Ал, мәдениет категориясы бойынша, жоғары көрсеткішті қазақ және орыс ұлт өкілдері көрсетті, анығырақ айтқанда, мәдениет тақырыбында кейбір нәрселерді біліп, кейбір нәрселерге аса қатты назар аудармайтынын аңғарамыз. Келесі салт-дәстүр категориясы бойынша, армян ұлты жоғары көрсеткіш көрсетті. Бұл көрсеткіш бойынша, армян ұлтының ұлттық салт-дәстүрді тыңғылықты

ұстанбайтынын байқауға болады. Отбасылық қарым-қатынас және әдет-ғұрып категориясы бойынша, барлық ұлт өкілдері бірдей көрсеткіш көрсетті. Бұл көрсеткіштерден біз олардың отбасылық қарым-қатынасқа, сонымен қатар әдет - ғұрыпқа толықтай берілмегенін және бейжай қарайтынын байқаймыз. Ендеше, бұл ұлттық - мәдени құндылықтарды біліп, қолданғандарын олардың түпкі психологиялық мағынасын толық аңғармайтындығын аңғарамыз.

Қорытындылай келе, біз нәтижелерге сүйене отырып, жағымды қатынастардың басқа қатынастарға қарағанда жоғары көрсеткішті көп көрсеткенін көреміз. Бұл дегеніміз сыналушылардың категория бойынша, ұлттық құндылықтарды жоғары деңгейде меңгерген және де күнделікті өмірде жиі қолданады деген сөз. Сондай-ақ, бейтарап қатынастар нәтижесі орта көрсеткішке ие болды, яғни бұл жерде біз кейбір сыналушылардың ұлттық құндылықтарға бей-жай қарайтынын аңғарамыз. Жағымсыз қатынас көрсеткіші төменгі деңгейде. Себебі, аздаған сыналушылардың нәтижелері бойынша, ұлттық құндылықтарға мүлде мән бермейтіндігін көреміз. Сонымен, бұл ізденіс жұмысымыздың келешегін осы ұлттық құндылықтардың және басқа да этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеу деп белгілей аламыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының ресми сайты: «<http://www.akorda.kz/>»
2. С.М. Жакупов Психологическая структура процесса обучения. Алматы: Издат-во КазНУ, 2004.-320б.
3. «Философия и социология науки и техники». М., 1986;
4. Б.Ә.Әмірова Этностық жаңсақ нанымдар: теориясы мен практикасы /Монография-Павладар: ПМПИ, 2009-395б
5. Психология ғылымындағы этномәдениет мәселелерінің шешілуі / Бердібаева С.Қ., Төлешова Ұ.Б. // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы = Вестн. КазНУ. Сер. психология и социология . - 2010. - № 3. - 3-8 б.

Абенова А.Г., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, факультет иностранных языков, гр. КАФ-41, студент
(*Научный руководитель — м.г.н., ст.преп. Аишханова С.З.*)

CONTRASTIVE ANALYSIS OF REPETITION IN ENGLISH AND KAZAKH ADVERTISEMENTS

The role of information is very high in today's society, and most of the daily consumable of information is advertising. Advertising language reflects modern phenomenon in the social and cultural life of society, and it creates new meanings that determine the behavior of most people. Therefore, advertising as a multidimensional phenomenon is of great interest to linguists and researchers of related areas.

Since advertising is crucial in our modern society it is one of those disciplines where the use of language has to be employed in the most efficient and effective ways to transmit the message of the businesses to their customers. Therefore, advertising is very important and has become indispensable in our modern life. In the practice of the advertising in English and Kazakh, people pay more and more attention to the use of stylistic devices with an effort to make the advertisement succinct, accurate and vivid and to provide rich imagination and plentiful associations for readers so as to stimulate their desire. The use of stylistic devices in advertisements aims at arousing and persuading consumers to buy what is advertised. And their proper use can make an advertisement sweet to the ear, and pleasing to both the eye and the mind. Thus, a stylistic device as repetition and its various types are the best choice of language for the advertisers to make up ideal advertisements.

There have also been a number of studies on the stylistic devices used in advertising language. However, there are not many deep studies on contrast analysis in English and Kazakh